

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 618 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 31 шілде N 1088

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кең дала" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 618 Р990618_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі зандарда белгіленген тәртіппен :

1) "Қазақстан Эксимбанкі" және "Ақмола қоры" жабық акционерлік қоғамдарымен "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатып алу жөніндегі АҚШ Эксимбанкінің несиелік желісі шеңберінде "Кең дала" ашық акционерлік қоғамының алған несиесі үшін оның берешегі бойынша соңғысының талап ету құқығын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қайта табыстау шартын жасассын;

2) "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатып алу жөніндегі АҚШ Эксимбанканың несиелік желісі бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін 1996 жылғы 14 тамыздағы N 18/28/022-ДЗ-в, 1998 жылғы 7 мамырдағы N 2-I8/ДЗ-в және 1999 жылғы 11 қаңтардағы N 25 кепілдік шарттары бойынша кепілге берілтен 630 "Джон Дир" астық жинау комбайндарын қоса алғанда, "Кең дала" ашық акционерлік қоғамының мұлкін ендіріп алсын";

2 - тармақ алынып тасталсын;

3) 4-6-тармақтар тиісінше мынадай редакцияларда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл

шаруашылығы министрлігі осы қаулының 1-тармағын орындауды аяқтағаннан кейін "Джон Дир" астық жинау комбайндарын облыстардың әкімдеріне лизинг шартымен 7 (жеті) жылға дейін берудің ережесін әзірлесін және бекітсін";

"6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК